

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 7 қазан N 1093

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Автомобиль көлігі туралы Қазақстан Республикасының Заңы

Осы Заң автомобиль көлігі саласындағы автомобиль тасымалдаушылары, жолаушылар, жүк жөнелтушілер, жүк алушылар, басқа да жеке және заңды тұлғалар арасында туындайтын қарым-қатынастарды реттейді.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) автовокзал - соңғы және аралық аялдама пункттерінде жолаушылар мен теңдеме жүкті тұрақты қала маңындағы, қалааралық (облысшілік, облысаралық) және халықаралық автомобиль тасымалдау бағыттарының жолаушылары мен жүргізушілеріне қызмет көрсетуге арналған және: сыйымдылығы жетпіс бестен астам адамдық күту залы мен билет кассалары бар ғимарат, жүргізушілерді дәрігерлік куәландыру пункттері, сақтау камералары, жолаушыларды отырғызу және түсіру перроны, автобустар тұрағына арналған алаң, автобустарды қарау постары, диспетчерлік пункттері кіретін құрылыстар кешені;

2) автостанция - елді мекендерде жолаушыларға қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін және: жетпіс бес адамға дейін сиятын күту залы және билет кассалары бар ғимарат, сақтау камералары, жолаушыларды отырғызу және түсіру перроны, автобустардың тұрағына арналған алаң, диспетчерлік пункттер кіретін құрылыстар к е ш е н і ;

3) автобус - жүргізуші орнын қоса алғанда, сегізден астам отыратын орны бар, жолаушылар мен теңдеме жүк тасымалдауға арналған автокөлік құралы;

4) автомобиль көлігі - негізгі қызмет саласында автокөлік құралдарын және автомобиль көлігінің инфрақұрылымын пайдалану арқылы жолаушыларды, теңдеме жүкті, жүктерді және почтаны тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру болып табылатын экономика саласы;

5) автомобиль тасымалдары - автомобиль жолдары арқылы автокөлік құралдарымен жүзеге асырылатын, жолаушыларды, теңдеме жүкті, жүктерді немесе почтаны тасымалдау;

6) автомобиль тасымалдаушысы (бұдан әрі - тасымалдаушы) - меншік құқығында немесе тасымалдау құжаттарында көрсетілген өзге де заңды негізде өзіне тиесілі автокөлік құралымен автомобиль тасымалы бойынша қызметтерді ақыға немесе жалға ұсынатын заңды немесе жеке тұлға;

7) автомобиль-такси - Жолаушылар мен жүктерді автомобиль көлігімен тасымалдау ережесіне сәйкес жабдықталған, жолаушылар мен теңдеме жүктің автомобиль тасымалына арналған жеңіл автомобиль;

8) автомобиль көлігі құралы (бұдан әрі - автокөлік құралы) - автобустарды, жеңіл және жүк автомобильдерін, автомобильдік тіркегіштерді, ершікті тартқыштарға жартылай тіркемелерді қоса алғандағы автомобиль көлігі жылжымалы құрамының бірлігі, сондай-ақ (жүктердің белгілі бір түрлерін тасымалдауға арналған) мамандандырылған автомобильдер және (әртүрлі, әсіресе көліктік емес жұмыстарды орындауға арналған) арнайы автомобильдер;

9) теңдеме жүк - буылып-түйілген және автобустың, шағын автобустың теңдеме жүк бөлімшесінде немесе автомобиль тасымалдаушысымен қосымша келісім негізінде автобус, шағын автобусқа ілескен теңдеме жүк автомобилінде, сондай-ақ автомобиль-таксиде тасымалданатын мүлік;

10) жүктер - белгіленген тәртіппен автомобиль тасымалдарына қабылданған мүлік;

11) жеңіл автомобиль - жолаушылар мен теңдеме жүктің автомобиль тасымалдарына арналған және жүргізушінің орнын қоса алғанда отыратын, сегізден аспайтын орны бар автокөлік құралы;

12) бағыттық такси - қалалық және қала маңындағы қатынастарда алдын ала келісілген белгілі бір бағыттар бойынша жолаушылардың тасымалдарын жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын шағын автобус;

13) шағын автобус - жасаушы зауытпен көзделген отыратын (жүргізушінің орнын қоспағанда) он алтыдан аспайтын орны бар ерекше шағын класты автобус;

14) жолаушы - жасалған автомобиль тасымалы шартының негізінде немесе өзге де заңды негізде тасымалдаушының қызметтерін пайдаланатын жеке тұлға;

15) жол жүру парағы - автокөлік құралының жұмысын есепке алуға арналған, тасымалдаушы автокөлік құралының жүргізушісіне беретін құжат;

16) қол жүгі - салмақтық және көлемдік параметрлері Автомобиль көлігімен жолаушылар мен теңдеме жүктің тасымалдары ережесінде белгіленген талаптарға сәйкес келетін, ол автобустың, шағын автобустың және автомобиль-таксидің салонында тасымалдайтын жолаушының жеке бұйымдары;

17) автокөлік құралдарын техникалық пайдалану - автокөлік құралдарын ұйымдастыруға және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар, техникалық әсерлер (диагностикалау, техникалық қызмет көрсету, жөндеу) кешені;

18) уәкілетті орган - көлік саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды, Қазақстан Республикасының көлік кешені қызметін үйлестіруді және реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

2-бап. Осы Заңның қолданылу саласы

1. Осы Заңның күші Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында автомобиль көлігі саласындағы қызметті жүзеге асыратын барлық жеке және заңды тұлғаларға қолданылады.

2. Осы Заңның күші:

- 1) мемлекеттік органдар орындайтын автомобиль тасымалдарына;
- 2) кіріс алу мақсатынсыз жеке және заңды тұлғалар орындайтын автомобиль тасымалдарына;
- 3) заңды тұлғалар автокөлік құралдарын автомобиль жолдарына шығармай, өндірістік мұқтаждар үшін орындайтын автомобильдік тасымалға қолданылмайды.

3-бап. Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңы

Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдай өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың нормалары қолданылады.

4-бап. Автомобиль көлігі саласындағы қызметті жүзеге асырудың негізгі қағидаттары

Автомобиль көлігі саласындағы жұмыстар мен қызметтер мынадай қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:

- 1) азаматтардың өмірі, денсаулығы, қоршаған табиғи орта үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

2) автомобиль көлігі саласындағы жұмыстар мен қызметтерді жүзеге асыру кезіндегі барлық меншік нысандарының жеке және заңды тұлғаларының теңдігі;

3) тұтынушының автомобиль көлігі саласындағы қызметтерді таңдау еркіндігін, сондай-ақ меншікті автокөлік құралдары мен тасымалдаушының қызметтерін пайдалану арасындағы таңдау еркіндігін қамтамасыз ету;

4) автомобиль көлігі саласындағы тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге баға еркіндігін Қазақстан Республикасының заңына сәйкес қамтамасыз ету.

5-бап. Жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету және төтенше жағдайларды жоюға тарту

Автомобиль көлігінің жұмылдыру дайындығын, азаматтық қорғаныс және авариялық-құтқару жұмыстары бойынша іс-шараларды қамтамасыз етуге, төтенше жағдай режиміне байланысты қатынастар арнайы заңмен реттеледі.

Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде, сондай-ақ төтенше жағдай енгізілген кезде мемлекеттік органдар өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде төтенше жағдайларды жоюға байланысты жұмыстарды орындауға тасымалдаушыларды тартуы мүмкін.

Тасымалдаушыларды төтенше жағдайларды жоюға тарту, сондай-ақ осы жұмыстарды орындауға байланысты шығыстарды өтеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

6-бап. Автомобиль көлігіндегі экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық және өрт қауіпсіздігі

Автомобиль көлігіндегі экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық және өрт қауіпсіздігі нормативтері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген санитарлық және экологиялық нормалармен және ережелермен, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі ережелерімен регламенттеледі.

7-бап. Автомобиль көлігінің инфрақұрылымы

Автомобиль көлігінің инфрақұрылымы тасымалдар процесінің үздіксіздігін, сондай-ақ автокөлік құралдарын қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін құрылыстарының (автовокзалдар, автостанциялар, жүк терминалдары, техникалық қызмет көрсету және автокөлік құралдарын жөндеу станциялары (шеберханалар), автокөлік құралдарын сақтауға арналған құрылыстар) кешенін білдіреді.

8-бап. Автомобиль тасымалдарының түрлері

1. Автомобиль тасымалдары:

- 1) жолаушылар мен теңдеме жүкті тасымалдауға;
- 2) жүктерді тасымалдауға;
- 3) почта тасымалына бөлінеді.

2. Қатынас түрлері бойынша автомобиль тасымалдары қалалық, қала маңындағы, қалааралық (облысшілік және облысаралық) және халықаралық болып бөлінеді:

1) қалалық автомобиль тасымалдары - қаланың немесе өзге де елді мекеннің белгіленген шекаралары шегінде тасымалдаушылар жүзеге асыратын автомобиль тасымалдары;

2) қала маңындағы автомобиль тасымалдары - қалалыққа жатқызылмайтын автомобиль тасымалдары және қаланың немесе өзге де елді мекеннің белгіленген шекараларынан өлшенетін, ұзақтығы елу шақырымға дейінгі бағыттарда тасымалдаушылар жүзеге асыратын автомобиль тасымалдары;

3) қалааралық автомобиль тасымалдары - бір (қалааралық облысшілік тасымалдау) немесе бірнеше (қалааралық облысаралық тасымалдау) облыстардың шегінде қалалар немесе өзге елді мекендер арасында, ұзақтығы елу километрден астам бағыттарда тасымалдаушылар жүзеге асыратын автомобиль тасымалдары;

4) халықаралық автомобиль тасымалдары - түрлі мемлекеттердің аумағында орналасқан пункттер арасында немесе ең болмағанда бір мемлекеттік шекараны кесіп өту арқылы тасымалдаушылар жүзеге асыратын автомобиль тасымалдары.

3. Ұйымдастыру сипаты бойынша жолаушылар мен теңдеме жүктің автомобиль тасымалдары тұрақты және тұрақты емес болып бөлінеді:

1) жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты автомобиль тасымалдары - белгіленген бастапқы және соңғы пункттерімен, жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттерімен, алдын ала келісілген белгілі жүру бағыттары, қозғалыс кестесі (аралық) бойынша автобустарды, шағын автобустарды пайдалану арқылы тасымалдаушылар жүзеге асыратын автомобиль тасымалдары.

Жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты автомобиль тасымалдарына сонымен қатар бағыттық таксилермен жүзеге асырылатын тасымалдаулар жатады;

2) жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты емес автомобиль тасымалдары

- жолаушылар мен теңдеме жүкті тұрақты автомобиль тасымалдарына жатқызылмайтын, тасымалдаушылары аралық пункттерде (жолаушылар мен теңдеме жүкті автомобиль-таксимен тасымалдаудан басқа) жолаушыларды отырғызбай тасымалдаушылар жүзеге асыратын автомобиль тасымалдары жатады.

9-бап. Жалпы пайдаланымдағы көлікпен тасымалдау

Автомобиль көлігінде жалпы пайдаланымдағы көлік тасымалдарына

тасымалдаудың мынадай түрлері жатады:

- 1) жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты автомобиль тасымалдары;
- 2) жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты емес автомобиль тасымалдары;
- 3) жолаушылар мен теңдеме жүктің автомобиль-таксимен тасымалдары;
- 4) жүктердің автомобиль тасымалдары.

2-тарау. АВТОМОБИЛЬ КӨЛІГІ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

10-бап. Автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік реттеудің міндеттері

Автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі міндеттері:

- 1) автомобиль тасымалдары және автомобиль көлігі саласындағы өзге де жұмыстар мен қызметтерге экономиканың және тұрғындардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жағдайлар жасау;
- 2) автомобиль көлігінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 3) автомобиль көлігі саласында мемлекеттің экономикалық мүдделерін, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- 4) автомобиль көлігінің тиімділігін экономика саласы ретінде арттыру.

11-бап. Автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік реттеу

негізгі бағыттары

Автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік реттеу құқықтық қамтамасыз ету, лицензиялау, сертификаттау Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңының сақталуын бақылауды жүзеге асыру жолымен жүзеге асырылады.

12-бап. Автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік органдардың құзыреті

1. Автомобиль көлігі саласындағы қызметті мемлекеттік реттеуді Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының заңына сәйкес уәкілетті орган және өзге де мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

2. Автомобиль көлігі саласында Қазақстан Республикасының Үкіметі құзыретіне:

- 1) автомобиль көлігі аясындағы мемлекеттік саясатты анықтау;
- 2) автомобиль көлігі саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;
- 3) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде автокөлік құралдарының жүру тәртібін анықтау;
- 4) автомобиль көлігі саласындағы лицензиялау ережелерін, оның ішінде лицензиаттарға біліктілік талаптарын бекіту;
- 5) Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға

рұқсат етілген қауіпті жүктердің тізбесін бекіту;

6) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарымен қауіпті жүктерді тасымалдаудың, қауіпті жүктерді тасымалдайтын жүргізушілерге және автокөлік құралдарына біліктілік талаптарының ережелерін бекіту;

7) автомобиль көлігі саласында міндетті сертификаттауға жататын өнімнің (тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің) тізбесін бекіту;

8) Қазақстан Республикасы Президентінің заңдары мен актілеріне сәйкес өзге де мәселелер жатады.

3. Автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органның құзыретіне:

1) автомобиль көлігі саласында мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) өз құзыретінің шегінде автомобиль көлігі саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қатысу және халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру;

3) автомобиль көлігі саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу;

4) жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты облысаралық және халықаралық автомобиль тасымалын ұйымдастыру, көрсетілген тасымалдардың бағыттары бойынша қозғалыс кестесін келісу;

5) жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты облысаралық және халықаралық автомобиль тасымалының бағыттарының тізілімін енгізу;

6) автомобиль көлігі саласындағы кәсіпкерлік қызметті лицензиялау;

7) Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңының сақталуын бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

8) автомобиль көлігі саласында мемлекеттің қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

9) жолаушылар мен теңдеме жүкті автомобиль көлігімен тасымалдаудың ережелерін бекіту;

10) жүктерді автомобиль көлігімен тасымалдаудың ережелерін бекіту;

11) автокөлік құралдарын техникалық пайдаланудың ережелерін бекіту;

12) автокөлік құралдарының техникалық жай-күйіне және қызмет көрсетуіне, оларды сақтау, есептен шығару тәртібіне және шарттарына, сондай-ақ техникалық әсерлер есебіне талаптарды бекіту;

13) Қазақстан Республикасының заңына сәйкес автомобиль көлігіндегі еңбекті қорғау ережелерін бекіту;

14) Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жүргізушілердің еңбек режимі мен демалысын ұйымдастыру, еңбек режимі мен демалысты тіркеуді бақылау қондырғыларымен автокөлік құралдарын жарақтандыру бойынша талаптардың ережелерін бекіту;

15) Қазақстан Республикасының заңына сәйкес автомобиль тасымалдарының,

қауіпсіздігін, ұйымдастырылуын және жүзеге асырылуын қамтамасыз ету бөлігінде автомобиль көлігі инфрақұрылымының объектілеріне талаптарды бекіту;

16) жалпы пайдаланымдағы көлікпен жүктердің, жолаушылардың және теңдеме жүктің тасымалдары тарифтерінің әдістемесін Қазақстан Республикасының заңына сәйкес бекіту;

17) Қазақстан Республикасының заңына сәйкес өзге де мәселелер жатады.

4. Автомобиль көлігі саласындағы жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне:

1) жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты қалалық және қала маңындағы автомобиль тасымалын ұйымдастыру (тапсырыс беруші), жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты қалалық және қала маңындағы автомобиль тасымалдарының бағыттарын бекіту, оларға қызмет көрсету құқығына конкурстар өткізу, көрсетілген бағыттар бойынша қозғалыс кестесін келісу;

2) жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты қалааралық облысшілік автомобиль тасымалдарын ұйымдастыру, көрсетілген тасымалдардың бағыттары бойынша қозғалыс кестесін келісу;

3) жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты қалалық, қала маңындағы, қалааралық облысшілік автомобиль тасымалдары бағыттарының тізілімін енгізу;

4) автомобиль-таксимен жолаушылар мен теңдеме жүктің тасымалдарын ұйымдастыру (тапсырысшы ретінде);

5) Қазақстан Республикасының заңына сәйкес өзге де мәселелер жатады.

13-бап. Автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңының сақталуына мемлекеттік бақылауды Қазақстан Республикасының заңында белгіленген құзырет шегінде уәкілетті орган және басқа да мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп өтуін бақылау Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарының өту пункттерінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

14-бап. Автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде уәкілетті органның лауазымды тұлғаларының өкілеттіктері

Мемлекеттік бақылауды жүзеге асырған кезде уәкілетті органның оны жүзеге асыруға уәкілеттік берген лауазымды тұлғаларының:

1) Қазақстан Республикасының заңында көзделген тәртіппен және жағдайларда осы

Заңның 13-бабының 2-тармағында көзделген өткізу пункттерінде автокөлік құралдарын
т о қ т а т у ғ а ;

2) тасымалдаушылардың Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңының бұзылуына жол бергені анықталған жағдайда табылған бұзылуларды жойғанға дейін автокөлік құралдарының қозғалысын одан әрі тоқтата тұруға;

3) Қазақстан Республикасының заңында көзделген тәртіппен және жағдайларда, Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңын сақтау мәселелері бойынша автомобиль тасымалдары жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалардың қызметін тексеруді жүзеге асыруға;

4) автомобиль көлігі туралы заңды бұзулар туралы актілер жасауға, заңсыздықтарды жою туралы орындауға міндетті ұйғарымдар беруге;

5) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер жөніндегі жұмысты жүзеге асыруға, әкімшілік жаза қолдану хаттамаларын жасауға;

6) Қазақстан Республикасының заңында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқығы бар .

15-бап. Автомобиль көлігі саласындағы лицензиялау

Автомобиль көлігі саласындағы кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлері Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңына сәйкес берілген лицензия негізінде жүзеге асырылады .

16-бап. Автомобиль көлігі саласындағы сертификаттау

Автомобиль көлігі саласында автокөлік құралдарын, автокөлікке арналған жабдықтарды, процестерді, өнімдерді (тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді) сертификаттау Қазақстан Республикасының сертификаттау туралы заңына сәйкес жүзеге асырылады .

17-бап. Автомобиль көлігі саласындағы міндетті сақтандыру

1. Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарын пайдалануға, олардың иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырған жағдайда ғана рұқсат етіледі .

2. Міндетті сақтандыруға тасымалдаушының жолаушылар мен теңдеме жүкті тасымалдауды жүзеге асыру үшін пайдаланылатын автокөлік құралдарымен жүрген кезде өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген залал үшін жолаушылардың алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігі де жатады.

3. Автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті

сақтандыру және жолаушылар алдындағы тасымалдаушылардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйақылары мен сақтандыру төлемдерінің мөлшері, сондай-ақ, сақтандырудың осы түрлерін (кластарын) ұстау және оларды жүргізу шарттары бойынша қосымша талаптар сақтандырудың осы түрлері (кластары) туралы заң актілерімен белгіленеді.

18 - б а п . Т а р и ф т е р

1. Жалпы пайдаланымдағы көлікпен жүктердің, жолаушылардың және теңдеме жүктің тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушылар:

1) осындай жұмыстарға және қызметтерге тарифтер жариялауға, сондай-ақ жарияланған тарифтерді құжаттық тіркеуге (шарттарда, жол жүру құжатында (билетінде), теңдеме жүк түбіртегінде, тауар-көлік құжаттамаларында);

2) жарияланған тарифтерді сақтауға және клиенттерді тарифтердің өзгеруі туралы у а қ ы т ы н д а х а б а р д а р е т у г е ;

2. Жалпы пайдаланымдағы көлікпен жүктердің, жолаушылардың және теңдеме жүктің тасымалдарының тарифтері белгіленген тәртіппен бекітілген жалпы пайдаланымдағы көлікпен жүктердің, жолаушылардың және теңдеме жүктің тасымалдары тарифтерінің есеп әдістемесінің негізінде айқындалады.

Тасымалдау шығындарын жаппайтын тарифтерді бекіту кезінде конкурсты

ұйымдастырушы (қызметтерге тапсырыс беруші) белгіленген тариф пен тасымалдаушының нақты шығындарының арасындағы айырманы тиісті бюджеттің қаражаты есебінен өтейді.

3. Қазақстан Республикасының заңында көзделген жағдайларда, автомобиль көлігі саласындағы жұмыстар мен қызметтерге бағаларды (тарифтерді) мемлекеттік реттеу кіргізіледі.

3-тарау. ЖОЛАУШЫЛАР МЕН ТЕҢДЕМЕ ЖҮКТІҢ АВТОМОБИЛЬ ТАСЫМАЛДАРЫ

19-бап. Жолаушының құқықтары мен міндеттері

1. Жолаушы:

1) кез келген автобуста, шағын автобуста және автомобиль-таксиде автомобиль көлігі туралы заңда көзделген тәртіппен сапар шегуді жүзеге асыруға;

2) егер тасымалдаушы кестеде көзделген автобустың, шағын автобустың орнына жүру ақысы қымбаттау басқа автобус, шағын автобус берсе, үстеме ақы төлемей сатып алынған жүру құжаты (билеті) бойынша жүруге;

3) егер ол тасымалдаушыны автобус, шағын автобус жөнелтілгенге дейін үш

сағаттан кешіктірмей хабардар етсе және жолаушының жүру құжатын (билетін) сатып алған фактісін тасымалдаушы растаса, жоғалған жүру құжатын (билетін) қалпына келтіруге ;

4) автомобиль тасымалдарына тапсыру кезінде теңдеме жүктің құндылығын жариялауға құқығы бар .

Жолаушының Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес өзге де құқықтары бар .

2 . Жолаушы :

1) жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты қалалық, қала маңындағы, қалааралық (облысішілік, облысаралық) және халықаралық автомобиль тасымалдары бағыттарында жүру кезінде жүру құжаты (билеті) болуға және оны жүру аяқталғанға дейін сақтауға;

2) жолаушылар мен теңдеме жүкті автокөлік құралдарымен тасымалдау ережесінде белгіленген қоғамдық тәртіпті, талаптарды сақтауға міндетті;

3) құндылығы жарияланған теңдеме жүкті тасымалдау кезінде, егер шартта өзгеше көзделмесе, тасымалдаушының қызметтерін төлеуге міндетті.

Жолаушының Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес өзге де міндеттері бар .

20-бап. Жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты автомобиль тасымалын ұйымдастыру және жүзеге асыру

1. Жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты автомобиль тасымалы, егер:

1) автомобиль жолдарының өткізу қабілеттігі белгілі бағыттар бойынша автобустардың, микроавтобустардың тұрақты қозғалысын жүзеге асыруға мүмкіндік берсе ;

2) автомобиль жолдарының жай-күйі және олардың жайластырылуы жол қозғалысы қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келсе ұйымдастырылуы мүмкін.

2. Жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты қалааралық және халықаралық автомобиль тасымалдары автовокзалдардан немесе автостанциялардан ғана осы Заңға және Жолаушылар мен теңдеме жүкті автомобиль көлігімен тасымалдау ережесіне сәйкес тасымалдаушылар мен автовокзалдардың немесе автостанциялардың әкімшілігінің арасында жасалған шарттардың негізінде жүзеге асырылады.

3. Жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты қалалық және қала маңындағы автомобиль тасымалын жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты қалалық және қала маңындағы автомобиль тасымалдары бағыттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурста жеңіл шыққан және оларға қызмет көрсету құқығына тасымалдаушылар мен тиісті жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың арасында жасалатын шарттардың негізінде куәлік алған тасымалдаушылар жүзеге асырады.

Тасымалдаудың көрсетілген түрлерін куәліксіз жүзеге асыруға рұқсат етілмейді.

4. Жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты қалалық және қала маңындағы автомобиль тасымалдарының бағыттары тасымалдаушылар арасына конкурстық негізде бөлінеді. Конкурсқа жеке бағыт та, бір лотпен бірнеше бағыттар да қойылады.

5. Бір тасымалдаушы ғана қатысқан себеп бойынша конкурс негізсіз деп танылған кезде конкурсты ұйымдастырушы жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты қалалық және қала маңындағы автомобиль тасымалдарының бағыттарына қызмет көрсету құқығын, автомобиль көлігі туралы заңға сәйкес белгіленген талаптарға лайық жалғыз ықтимал қызметтер жабдықтаушысына беруге хақылы. Бағытқа қызмет көрсету құқығына куәлікті беру, беруден бас тарту шарттары мен негіздерін, тоқтата тұру және қайтарып алу тәртібі мен шарттарын, сондай-ақ оның нысаны Автомобиль көлігімен жолаушылар мен теңдеме жүкті тасымалдау ережелерімен айқындалады.

6. Жолаушылар мен теңдеме жүкті тұрақты автомобиль тасымалдарымен жүзеге асыратын тасымалдаушылар рейс алдында жүргізушілерге медициналық куәландыруды, рейс алдындағы техникалық тексеруді және автобустарды, шағын автобустарды олар бұзылған жағдайда уақтылы ауыстыруды қамтамасыз етуге міндетті.

7. Жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты қала маңындағы, қалааралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде автомобиль тасымалдаушылары бағыттың барлық тоқтау пункттерінде - автовокзалдар, автостанциялардың кассалары арқылы немесе автобустардың, шағын автобустардың жүргізушілері (кондукторлары) арқылы жол жүру құжаттарын (билеттерді) және теңдеме жүк түбіртектерін сатуды қамтамасыз етуге міндетті.

21-бап. Жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты қалалық және қала маңындағы автомобиль тасымалдарын ұйымдастыру келісімінің шарттары

1. Тұрақты қалалық және қала маңындағы автомобиль тасымалдарын ұйымдастыру келісімінде:

1) тариф;

2) жүру құжаттарын (билеттер) сату тәртібі, орны және олардың жолаушыларда болуын бақылауды жүзеге асыру;

3) егер тапсырыс беруші белгілеген қызметтер тарифі автомобиль тасымалдарының өзіндік құнынан төмен болса, сондай-ақ жолаушылар мен теңдеме жүкті жеңілдік жағдайларда немесе тегін тасымалдағаны үшін тасымалдаушыға өтемақы төлеу мөлшері мен мерзімдері;

4) бағытта пайдаланылатын автобустардың, шағын автобустардың саны мен қозғалыс кестесі;

5) келісім бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе ойдағыдай орындамағаны үшін тараптардың жауапкершілігі көзделуі тиіс.

2. Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заң актілерінде жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты қалалық және қала маңындағы автомобиль тасымалдарын ұйымдастыру келісімінің міндетті шарттары белгіленеді.

3. Тапсырыс беруші жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты қалалық және қала маңындағы автомобиль тасымалдарын ұйымдастыру шарты бойынша:

1) Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, белгіленген пункттерде жолаушыларды отырғызу мен түсіруді ресімдеуді және күтіп ұстауды қамтамасыз етуге ;

2) автобустардың, шағын автобустардың белгіленген қозғалыс кестесін сақтауды бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңына және келісіміне сәйкес өзге де міндеттерді мойнына алады.

4. Тасымалдаушы жолаушылар мен теңдеме жүкті тұрақты қалалық және қала маңындағы автомобиль тасымалдарын ұйымдастыру келісімі бойынша:

1) тасымал үшін келісімде көзделген автобустардың, шағын автобустардың санын п а й д а л а н у ғ а ;

2) қозғалыс кестесін сақтауға міндетті.

Тасымалдаушы Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңына және келісіміне сәйкес өзге де міндеттерді мойнына алады.

22-бап. Жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты емес
автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру

Жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты емес автомобиль тасымалдарын жүзеге асыратын тасымалдаушы жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты автомобиль тасымалдары бағыттарында жолаушыларды отырғызу үшін белгіленген пункттерде жолаушыларды отырғызуды жүргізуге құқығы жоқ.

23-бап. Жолаушылар мен теңдеме жүкті автомобиль-таксимен
т а с ы м а л д а у д ы ұ й ы м д а с т ы р у

1. Жолаушылар мен теңдеме жүкті автомобиль-таксилермен тасымалдауды тасымалдаушы мен жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқару органы тұлғасындағы тасымалды ұйымдастырушы (қызметтерге тапсырыс беруші) арасында жасалған Жолаушылар мен теңдеме жүкті автомобиль-таксилермен тасымалдауды ұйымдастыру туралы шарт негізінде жүзеге асырылады.

2. Жолаушылар мен теңдеме жүкті автомобиль-таксилермен тасымалдауды

ұйымдастыру туралы шарт бойынша тасымалдаушы:

1) жолаушылар мен теңдеме жүкті тасымалдау үшін таксометрлермен жабдықталған және Жолаушылар мен теңдеме жүкті автомобиль көлігімен тасымалдау ережесіне сәйкес айрықша белгілері бар автомобиль-таксилерді пайдалануға;

2) автомобиль-такси режимінде жұмыс істеу үшін шартта белгіленген автомобильдер санын пайдалануға міндетті.

Тасымалдаушы Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңына және шартқа сәйкес өзге де міндеттер атқарады.

3. Жолаушылар мен теңдеме жүкті автомобиль-таксилермен тасымалдауды ұйымдастыру туралы шарт бойынша тасымалдаушы:

1) автомобиль-таксилердің тұрағы және жолаушыларды отырғызу және түсіру үшін автомобиль-таксилердің арнайы жабдықталған тұрақтарын пайдалануға;

2) жол қозғалысы ережелерінің талаптарын сақтай отырып жол желісінің кез келген учаскелерінде жолаушыларды отырғызуға және түсіруге құқық бар.

Тасымалдаушының Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңына және шартқа сәйкес өзге де құқықтары бар.

4. Жолаушылар мен теңдеме жүктің тасымалдарын автомобиль-таксилермен жүзеге асыратын тасымалдаушылар автомобиль-таксилердің рейс алдындағы тексерілуін және олардың ақаулы жағдайда уақытылы ауыстырылуын қамтамасыз етуге міндетті.

5. Автомобиль-таксилердің тиімді жұмыс істеуі және барлық жолаушы жиналатын пункттерде (әуежай вокзалдар, ірі сауда және мәдени орталықтар және т.б.) оларды жолаушылардың пайдалануына қолайлы жағдай жасау үшін жергілікті атқарушы органдар автомобиль көлігі туралы заңға сәйкес автомобиль-таксилердің тұрақтарын ұйымдастыруды және жабдықтауды қамтамасыз етеді.

24-бап. Сот иесіз деп танығанға дейін теңдеме жүкке иелік ету

1. Жолаушы немесе теңдеме жүкті алуға уәкілеттік берілген тұлға автомобиль тасымалдаушыға қатысты емес себептер бойынша теңдеме жүгін алмаған жағдайда, егер шартта өзгеше көзделмесе, тасымалдаушы теңдеме жүкті сот иесіз деп танығанға дейін жөнелту немесе жеткізу пунктінің автовокзалында немесе автостанциясында сақтауға міндетті.

2. Тасымалдаушы теңдеме жүкті иесіз деп тану үшін сотқа арызбен жүгінуге құқылы.

3. Сот теңдеме жүкті иесіз деп таныған кезде, теңдеме жүктің жаңа иесі тасымалдаушыға оның сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті, оны сақтауға, тиіп-түсіру операцияларына және тасымалдауға арналған шығыстарды өтейді.

25-бап. Жолаушылар мен теңдеме жүкті автомобиль көлігімен

Жолаушылар мен теңдеме жүкті автомобиль көлігімен тасымалдау ережелері:

1) жол жүру құжаттарының (билеттердің), теңдеме жүк түбіртектерінің нысанын, сату тәртібі мен олардың қолдану мерзімін;

2) жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты автомобиль тасымалын ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін, жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты автомобиль тасымалы бағыттарының ашылуын және жабылуын, тасымалдардың көрсетілген түрлерін орындау үшін пайдаланылатын автобустардың, шағын автобустардың санитарлық жағдайына, сыртқы безендірілуіне және жабдықтылынуына қойылатын т а л а п т а р д ы ;

3) жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты қалалық және қала маңындағы автомобиль тасымалының бағыттарына қызмет көрсету құқығына конкурстар ұйымдастыру және өткізу тәртібін;

4) автовокзалдар мен автостанцияларға қойылатын талаптарды, сондай-ақ олардың ж ұ м ы с і с т е у т ә р т і б і н ;

5) жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты емес автомобиль тасымалын ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін;

6) жолаушылар мен теңдеме жүкті тапсырыс берілген автобустармен,

шағын автобустармен және жеңіл автомобильдермен тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін;

7) жолаушылар мен теңдеме жүкті автомобиль-таксимен тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін;

8) теңдеме жүкті қабылдау, сақтау және беру тәртібін;

9) жол жүру құжаттарын (билеттерін) және олардың құнын қайтару тәртібі мен шарттарын;

10) тұрақты қалалық және қала маңындағы тасымалдау бағыттарындағы жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттерін, сондай-ақ жолаушыларды автомобиль-таксимен тасымалдау кезінде отырғызу және түсіру пункттерін ресімдеу мен күтуге қойылатын талаптарды;

11) жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты автомобиль тасымалының бағыттарында жүргізушілердің сапар алдындағы дәрігерлік куәландыруын ұйымдастыру және жүргізу тәртібін айқындайды.

4-тарау. ЖҮКТЕР МЕН ПОЧТАНЫҢ АВТОМОБИЛЬ ТАСЫМАЛДАРЫ

26-бап. Жүктің автомобиль тасымалдарының шарты

1. Жүктің автомобиль тасымалдарының шарты бойынша тасымалдаушы, оған

жүк жөнелтуші берген қарауындағы жүкті, оның тасымалдау шарттарын сақтап, жеткізу пунктіне жеткізуге және оны жүкті алуға уәкілетті тұлғаға (жүк алушыға) беруге міндеттенеді, ал жүк алушы шартқа немесе тарифке сәйкес жүктің автомобиль тасымалдары үшін ақы төлеуге міндеттенеді.

2. Жүктің автомобиль тасымалдары шартының қорытындысы тауар-көлік жүкқұжатының жасалуымен, коносаментпен немесе Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заң актілерінде көзделген өзге де құжаттармен расталады.

27-бап. Жүктердің автомобиль тасымалдары шартын өзгерту және бұзу

Жүктердің автомобиль тасымалдарының шартын өзгерту немесе бұзу кезінде тараптар шарттың өзгеруі мен бұзылуына дейінгі атқарылуға байланысты тартылған шығындарды талап етуге құқылы, егер шартта өзгеше көзделмесе.

28-бап. Жүктер автомобиль тасымалдарының шарты бойынша тасымалдаушының құқықтары мен міндеттері

1. Тасымалдаушының жүктердің автомобиль тасымалдарының шарты бойынша:

1) өзінің қасиеттері, салмақ және көлем параметрлері бойынша тасымалдау құжаттарында көрсетілген жүк туралы мәліметтерге сәйкес келмейтін жүктің автомобиль тасымалдарынан бас тартуға;

2) егер одан арғы жүктің автомобиль тасымалдары жүктің тасымалдау қауіпсіздігіне және сақталуына қатер төндірсе, жүктің түсірілуін жүргізуге;

3) осы баптың 2-тармағының 1), 3) тармақшаларына сәйкес, жүктерді тасымалдау қауіпсіздігін және сақталуын қамтамасыз етуге байланысты көтерген шығындарын өтеуге, егер шартта өзгеше көзделмесе;

4) жүк жөнелтуші (жүк алушы) көрсеткен жаңа жеткізу пунктіне жүкті жеткізуге мүмкіндік жоқ болған жағдайда, автомобиль тасымалдарынан бас тартуға және жүкті жүк жөнелтушіге, оны алдын ала хабардар етіп қайтаруға құқығы бар. Егер шартта өзгеше көзделмесе, тасымалдаушының осыларға байланысты қосымша шығыстарын жүк жөнелтуші (жүк алушы) төлейді.

Тасымалдаушының Қазақстан Республикасының заңына және шартқа сәйкес өзге де құқықтары бар.

2. Тасымалдаушы жүктердің автомобиль тасымалдарының шарты бойынша:

1) жүктердің тасымалдау қауіпсіздігіне және сақталуына қатер төнгені туралы жүк

жөнелтушіні (жүк алушыны) тез хабардар етуге, бұл ретте алған жүк жөнелтушінің (жүк алушының) нұсқауларын сақтауға, сондай-ақ жүктердің тасымалдау қауіпсіздігін және сақталуын қамтамасыз ету жөнінде ол жүргізген әрекеттері туралы хабардар етуге ;

2) жүкті қабылдау кезінде тауар-көлік жүкқұжатындағы жүк орындарының санына, олардың таңбалануы және нөмірлеріне қатысты жазбалардың дәлдігін, сондай-ақ жүктің және орамасының сыртқы жай-күйін тексеруге;

3) жүк алушы автомобиль тасымалдаушысына қатысы жоқ себептер бойынша жүкті алмаған жағдайда, жүкті келу пунктінде, келген күнінен бастап отыз күн бойы, кедендік бақылаумен келе жатқан жүкті - он бес күн бойы, тез бүлінетін жүкті - төрт күн бойы сақтауға міндетті.

Тасымалдаушы Қазақстан Республикасының заңына және шартқа сәйкес өзге де міндеттерді атқарады.

29-бап. Тасымалдау құжаттары

1. Жөнелтуші жүк жөнелтуші жүкті автомобиль тасымалына ұсынған кезде автомобиль тасымалдаушысына тауар-көлік жүкқұжатын, ал заңда көзделген қажетті жағдайларда жүктің автомобиль тасымалдары үшін қажетті өзге де құжаттарды (сертификат, лицензия, малдәрігерлік куәлік, кеден декларациясы) көрсетуге міндетті.

2. Жүктің автомобиль тасымалдары үшін қажетті құжаттарды уақытында бермеу салдарынан келтірілген шығындар, сондай-ақ тауар-көлік жүкқұжатында ол көрсеткен мәліметтердің дұрыс, дәл немесе толық болмағаны үшін жүк тасымалдаушының алдында жауапты болады.

30-бап. Автокөлік қорларын беру, жүктерді тиеу және түсіру

1. Тасымалдаушы жүк жөнелтушіге тиеуге, қабылданған өтінімде (тапсырыста) немесе жүктің автомобиль тасымалдары шартында белгіленген мерзімде Жүктерді автомобиль көлігімен тасымалдау ережесіне және шартына сәйкес жүктерді тасымалдауға жарамды автокөлік құралдарын беруге міндетті.

2. Жүктерді автокөлік құралына тиеу (бекіту, жабу, байлау), сондай-ақ жүктерді түсіру Жүктерді автомобиль құралымен тасымалдау ережесіне көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

3. Жүк жөнелтуші автомобиль тасымалына жүкті тасымал қауіпсіздігі, жүктің және автокөлік құралдарының сақталуы қамтамасыз етілетіндей етіп дайындауға міндетті.

31-бап. Жүкті автомобильмен тасымалдауға кедергілер

1. Жүк жөнелтушінің кінәсі бойынша жүктің автомобиль тасымалдарына кедергілер туындаған кезде автомобиль тасымалдаушысы осындай кедергілердің туындаған сәтінен бастап, бір тәуліктің ішінде бұдан әрі тасымалдың мүмкін еместігі туралы жүк жөнелтушіні хабардар етуге міндетті.

2. Жүк жөнелтуші жүктің автомобиль тасымалына кедергілерді жою жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

3. Егер жүк жөнелтуші тасымалдаушы осы баптың 1-тармағына сәйкес хабардар еткен сәттен бастап үш тәулік ішінде (тез бүлінетін жүкке қатысты бір тәулік ішінде) жүктің автомобиль тасымалдарына кедергілерді жою жөнінде шаралар қабылданбаған жағдайда, жүкті жүк жөнелтушіге оның есебінен, үш тәулік ішінде жүктің сақталуын қамтамасыз ету жөнінде келтірілген шығындарды ескере отырып қайтаруға, ал тез бүлінетін жүкті белгіленген тәртіппен іске асыруға құқылы.

32 - б а п . Ж ү к т е р д і б е р у

1. Жүктің тасымалдаушы жауап беретін сапасы мен санының бүлінуі және (немесе) бұзылуы салдарынан жүк тікелей мақсаты бойынша толық немесе жартылай пайдаланылуы мүмкін болмайтындай жағдайда ғана жүк алушы жүкті қабылдаудан бастартуы мүмкін.

2. Жүктердің қалааралық автомобиль тасымалдары кезінде тасымалдаушыға байланысты емес себептер бойынша жүк алушыға жүкті беру мүмкін болмаған кезде, жүк жөнелтуші Жүктерді автокөлік құралымен тасымалдау ережесінде белгіленген тәртіппен тасымалдаушыға жүкті жаңа жеткізу пунктіне жеткізу туралы нұсқау беруге міндетті.

33-бап. Құндылығы жарияланған жүктерді автомобилімен тасымалдау

1. Тасымалдаушы жүк жөнелтушімен (жүк алушымен) келісім бойынша құндылығы жарияланған жүктерді таси алады.

2. Ілесіп жүрусіз тасымалданатын бағалы металдарды (тастарды), олардан жасалған бұйымдарды, өнер заттарын, антикварлық дүние-мүліктерді және өзге де көркем құндылықтарды, бейне және дыбыс аппаратураларын, электронды-есептеу және көбейту техникаларын, машиналардың тәжірибелік үлгілерін, жабдықтарды, құралдарды, жеке (тұрмыстық) мұқтаждыққа арналған жүктерді автомобильмен тасымалдау кезінде құндылығының жариялануы міндетті.

3. Құндылығы жарияланған жүктерді автомобильмен тасымалдау үшін жүк жөнелтушіден (жүк алушыдан) қосымша ақы алынуы мүмкін, оның мөлшері автомобиль тасымалдары шарты бойынша тараптардың келісімімен белгіленеді.

34-бап. Қауіпті жүктерді автомобилімен тасымалдау

1. Қауіпті жүктер деп тасымалдау, тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу және сақтау кезінде, олардың өзіндік ерекшелігіне байланысты жарылыстың, өрттің шығуына немесе техникалық құралдардың, құрылғылардың, ғимараттар мен құрылыстардың зақымдануына, сондай-ақ адамдардың, жануарлардың өліміне, мертігуіне және ауруға шалдығуына себеп болатын, қоршаған табиғи ортаға зиян келтіретін кез келген заттар, материалдар, бұйымдар, өндіріс пен өзге де қызметтің қалдықтары танылады.

2. Қауіпті жүктерді автомобиль көлігімен тасымалдау бойынша кәсіпкерлік қызмет уәкілетті орган беретін лицензия мен арнайы рұқсаттың негізінде жүзеге асырылады. Көрсетілген қызметті лицензиялау ережелерін және қауіпті жүктерді тасымалдауға рұқсаттар беру ережесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. Жүк жөнелтуші автомобиль тасымалдарына қауіпті жүктерді ұсыну кезінде құжаттарда (тауар-көлік жүкқұжатында, автокөлік құралының жүргізушісіне арналған жазбаша нұсқаулықта) осы жүктен келер нақты қатерді және алдын ала нендей сақтану шараларын қабылдауды көрсетуге міндетті.

Автокөлік құралының жүргізушісіне арналған жазбаша нұсқаулар автомобиль тасымалдаушысына қауіпті жүкті автомобильмен тасымалдауға арналған тапсырыс түскеннен кешіктірілмей берілуі тиіс.

4. Қауіпті жүктерді тиеуді және түсіруді жүк жөнелтуші, жүк алушы жүргізеді.

35-бап. Ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді автомобильмен т а с ы м а л д а у

1. Ірі көлемді және ауыр салмақты жүк деп автокөлік құралының көлемін және салмағын есепке ала отырып Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген автомобиль жолдары бойынша жүру үшін автокөлік құралдарына рұқсат етілген көлемдік және салмақтық параметрлерден артық болатын жүктер танылады.

2. Қазақстан Республикасының аумағында ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді автомобильдермен тасымалдауға Қазақстан Республикасының заңында белгіленген білікке түсетін рұқсат етілген жүктемеден аспайтын мамандандырылған автокөлік құралдарының бөлінбейтін ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді тасымалдау жағдайларын қоспағанда, рұқсат етілмейді.

3. Қазақстан Республикасының аумағында мамандандырылған автокөлік құралдарымен бөлінбейтін ірі көлемді және ауыр салмақты жүктер тасымалын ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі а й қ ы н д а й д ы .

36-бап. Почтаны автомобильмен тасымалдау

1. Тасымалдаушылар почтаны автомобильмен тасымалдауды почта байланысы ұйымдарымен жасалған почтаны автомобильмен тасымалдау шартының негізінде жүзеге асырады.

2. Почтаны тасымалдау үшін арнайы бөлінген автокөлік құралы почтаны автомобильмен тасымалдау шартына сәйкес қатаң тікелей мақсаты бойынша пайдаланылуы тиіс. Мұндай автокөлік құралында почтаны автомобильмен тасымалдауға қатысы жоқ бөгде тұлғаларды тасымалдауға тыйым салынады.

3. Почтаны тиеуді және түсіруді, сондай-ақ ілесіп жүруді және жүру жолында, егер почтаның автомобиль тасымалдары шартынан өзгеше туындамаса, оның сақтауын почта байланысының ұйымдары қамтамасыз етеді. Почтаның автомобиль тасымалдары кезінде сақталуы мен бүтіндігі үшін жауапкершілікті

егер келісімнің шарттарынан өзгеше туындамаса, почта байланысы ұйымы мойнына алады.

37-бап. Тікелей аралас қатынастағы жүк тасымалы

Бірыңғай көлік құжаты (тікелей аралас қатынас) бойынша көліктің әр түрлерімен жүктерді тасымалдауға қатысушы тасымалдаушылардың, сондай-ақ басқа да тұлғалардың қарым-қатынасы тікелей аралас тасымалдар туралы заң актілерімен анықталады.

38-бап. Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау ережесі

Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау ережесі:

- 1) жүктерді жеткізу мерзімін;
- 2) жүктердің автомобиль тасымалдарын ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін;
- 3) тауар-көлік жүкқұжатының нысаны және оны қолдану тәртібін;
- 4) жүктерді тиеу және түсіру пункттеріне қойылатын талаптарды;
- 5) автомобиль тасымалдарына жүктерді қабылдау, сондай-ақ жүктерді жеткізу пунктінде өңдеу, сақтау және беру тәртібін;
- 6) тез бүлінетін жүктерді іске асыру тәртібін;
- 7) жүктерді жарияланған құндылық арқылы тасымалдау тәртібін;
- 8) жүктерді таңбалау тәртібін;
- 9) жүктерді пломбалау тәртібін;
- 10) актілер жасау тәртібін;
- 11) жүктерді тасымалдау шарттарын өзгерту және бұзу тәртібін;
- 12) жүктерді ұстап қалу тәртібін;
- 13) жүктердің жекелеген түрлерін тасымалдау тәртібін айқындайды.

5-тарау. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АВТОМОБИЛЬ ТАСЫМАЛДАРЫ

39-бап. Халықаралық автомобиль тасымалдарын мемлекеттік реттеу

1. Халықаралық автомобиль тасымалдары Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңына, сондай-ақ халықаралық құқықтың жалпыға бірдей қабылданған қағидаттары мен нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағына/аумағынан келу, кету және транзитпен жүру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3. Оларға қатысты халықаралық автомобиль тасымалдарын орындаудың рұқсат ету жүйесі қолданылатын елдерге халықаралық автомобиль тасымалдарын орындау уәкілетті орган беретін рұқсаттардың негізінде жүзеге асырылады.

Шетел мемлекетінің тасымалдаушыларына Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүруге арналған рұқсаттарды және Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шетел мемлекетінің аумағы бойынша жүруге арналған рұқсаттар беруді халықаралық шарттарға сәйкес уәкілетті орган жүргізеді.

Егер халықаралық автомобиль тасымалдарын орындаудың рұқсат ету жүйесі қолданылатын елдерге қатысты рұқсаттарға сұраныс Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына берілетін сұраныстар санынан артық болса, онда рұқсаттар б і р і н ш і к е з е к т е :

- 1) қайырымдылық жүктерінің автомобиль тасымалдары үшін;
- 2) Қазақстан Республикасында өндірілетін жүктердің экспорттық автомобиль т а с ы м а л ы ү ш і н ;
- 3) көліктің басқа түрлерінің тасымалдаушыларымен бірлесіп орындалатын а в т о м о б и л ь т а с ы м а л д а р ы ү ш і н ;
- 4) тез бүлінетін өнімдерді автомобильмен тасымалдау үшін беріледі.

4. Қазақстан Республикасының тасымалдаушылары және шетел мемлекетінің тасымалдаушылары халықаралық автомобиль тасымалдарын орындаған кезде Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңдарын сақтауға бақылау жасауды уәкілетті органның лауазымды тұлғалары жүзеге асырады.

Шетел мемлекетінің тасымалдаушылары, олар Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық автомобиль тасымалдарын орындаған кезде пайдаланатын автокөлік құралдарын уәкілетті органның лауазымды тұлғалары қарауы мүмкін.

40-бап. Халықаралық автомобиль тасымалдарын ұйымдастыру және жүзеге асыру

1. Жолаушылар мен теңдеме жүктің тұрақты халықаралық автомобиль тасымалы уәкілетті орган мен шетел мемлекетінің тиісті құзыретті органы арасындағы

автобустардың, шағын автобустардың келісілген бағыттары (бастапқы, соңғы және тоқтау пункттерін көрсете отырып) және қозғалыс кестесі бойынша ұйымдастырылады.

2. Қазақстан Республикасының тасымалдаушылары жолаушылар мен теңдеме

жүктің тұрақты емес халықаралық автомобиль тасымалдарын орындаған кезде автобус жүргізушілерінде уәкілетті органның лауазымды тұлғалары куәландырған жолаушылардың тізімі болуы тиіс.

3. Қазақстан Республикасы мен шетелдік мемлекеттердің арасындағы Халықаралық автомобиль тасымалдары тек қана Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан өту пункттері арқылы жүзеге асырылады.

41-бап. Жолаушылардың, теңдеме жүктің, жүктердің шетел мемлекетінің аумағында тіркелген автокөлік құралдарымен автомобиль тасымалдары

Шетел мемлекетінің тасымалдаушыларына тиесілі, соның ішінде Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелген шетел мемлекетінің аумағында тіркелген шетел мемлекетінің аумағында тіркелген автокөлік құралдарымен Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан пункттер арасында жолаушыларды, теңдеме жүкті, жүкті тасымалдауға тыйым салынады.

42-бап. Халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде тасымалдаушыларға, жүргізушілерге және автокөлік құралдарына қойылатын талаптар

1. Халықаралық автомобиль тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушылар өз мемлекетінің тіркеу және айырмашылық белгілері бар автокөлік құралдарын пайдалануға міндетті.

Белгіленген талап тіркемелер мен жартылай тіркемелерге тарамайды.

2. Халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде автокөлік құралдарының жүргізушілері Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңда белгіленген еңбек және демалыс режимін сақтауға міндетті.

6-тарау. АВТОМОБИЛЬ КӨЛІГІНДЕГІ ЖАУАПКЕРШІЛІК

43-бап. Жүктердің автомобиль тасымалдары шарты бойынша көлік құралдарын жөнелтуді кідірткені үшін жүк жөнелтушілер мен жүк алушылардың жауапкершілігі

1. Келісілген мерзімінен кешіктірілген тиеуге немесе түсіруге жататын автокөлік құралдарының бос тұрғаны үшін жүк жөнелтуші немесе жүк алушы, егер кідіру олардың кінәсінен болса, тасымалдаушыға тараптардың келісімімен көзделген айыппұлды, ал көрсетілген келісім болмаған жағдайда әрбір бос тұрған сағаты үшін:

1) жүк көтергіштігі төрт тоннаға дейін қоса алғанда, автокөлік құралдары бос тұрған кезде - айлық есептік көрсеткіштен он екі процент;

2) жүк көтергіштігі төрт тоннадан сегіз тоннаға дейін қоса алғанда, автокөлік құралдары бос тұрған кезде - айлық есептік көрсеткіштен он үш процент;

3) жүк көтергіштігі жеті тоннадан он тоннаға дейін қоса алғанда, автокөлік құралдары бос тұрған кезде - айлық есептік көрсеткіштен он төрт процент;

4) жүк көтергіштігі он тоннадан артық автокөлік құралдары бос тұрған кезде - айлық есептік көрсеткіштен он бес процент мөлшерде төлейді.

2. Мамандандырылған автокөлік құралдарының бос тұруы кезінде осы баптың 1-тармағында көрсетілген айыппұлдың мөлшері екі есеге ұлғаяды.

Көрсетілген айыппұлды жүк жөнелтуші немесе жүк қабылдаушы, сондай-ақ өздерінің кінәсі бойынша автокөлік құралдарының автомобиль тасымалдаушысының көлік жайында немесе жол үстінде тұрып қалғаны үшін төлейді.

3. Автокөлік құралдарының тұрып қалғанына айыппұл есептелу үшін тауар-көлік жүкқұжатындағы және жол жүру парағындағы келу мен кету туралы белгілер, ал көлікжайда тұрып қалғаны үшін жүк жөнелтушінің немесе жүк қабылдаушының жүкті жөнелтуден немесе қабылдаудан бас тартуы негіз болып табылады.

4. Автомобиль тасымалдарына тыйым салынған жүкті немесе автомобиль тасымалдары кезінде ерекше сақтық шараларын талап ететін, атауы немесе өзіндік ерекшелігі толық көрсетілмеген жүкті ұсынғаны үшін жүк жөнелтуші, тасымалдаушыға келтірілген шығындардан басқа, тасу ақысының бес есе мөлшерінде айыппұл төлейді.

5. Жүк жөнелтушілер мен жүк қабылдаушылар тасымалдаушыға өздерінің кінәсі бойынша тиеу және түсіру дұрыс тиемеу, буып-түю, немесе жүкті дұрыс бекітпеу кезінде автокөлік құралдарының артық тиеу, зақымдалу салдарынан тартқан шығындарын, егер бұл операцияларды тасымалдаушы жүзеге асырмаған жағдайларды қоспағанда, орнын толтыруға міндетті.

Тауар-көлік жүкқұжатында кедендік, санитарлық және басқа да ережелерді орындау үшін қажет тиісті құжаттар қоса берілмегеннің салдарынан туындаған автокөлік құралдары мен контейнерлердің кідіргені үшін жүк жөнелтуші (жүк алушы) тасымалдаушыға осы баптың 1 және 2-тармақтарында және осы Заңның 46-бабында белгіленген мөлшерде айыппұл төлейді.

44-бап. Жолаушылар мен теңдеме жүкті жөнелтудің кідіруі немесе жеткізу пунктіне кешігуі үшін тасымалдаушының жауапкершілігі

1. Жолаушыны тасымалдайтын автокөлік құралының тасымалдаушының кінәсі бойынша кідіргені немесе мұндай автокөлік құралының жеткізу пунктіне (қалалық

және қала маңындағы қатынастар тасымалын қоспағанда) кешіккені үшін шығындарды өтеуден тыс, егер олар орын алса, кешіккен әр сағат үшін соңғысы жолаушыға жол жүру құжатының (билетінің) құнынан үш пайыз мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте айыппұлдың сомасы, жолаушы сатып алған жол жүру құжатының (билетінің) қ ұ н ы н а н а с п а у ы т и і с .

2. Жөнелтудің кідіргені үшін жолаушы автомобиль тасымалдарынан бас тартқан жағдайда тасымалдаушы, жолаушыға алып жүру ақысын толық мөлшерде қайтаруға, сондай-ақ мұндай кіріске байланысты оның көтерген шығындарын өтеуге міндетті.

3. Теңдеме жүкті жеткізуді мерзімінен кешіктіргені үшін автомобиль тасымалдаушысы теңдеме жүкті алушыға толық емес тәулікті толық тәулікке есептей отырып, әрбір кешіккен тәулікке теңдеме жүкті автомобиль тасымалдары үшін төлемнің он пайызы мөлшерінде, бірақ тасымалдау төлемінің елу пайызынан асырмай а й ы п п ұ л т ө л е й д і .

Теңдеме жүктің кеш жеткізілуі, теңдеме жүктің келуі тиісті күнтізбелік күннің жиырма төрт сағатынан бастап есептеледі. Теңдеме жүктің кеш жеткізілгені үшін айыппұл төлемін тасымалдаушы, жолаушының талабы бойынша жасалған актінің негізінде теңдеме жүкті беру кезінде төлейді.

4. Тасымалдаушы теңдеме жүкті жөнелтушіде немесе алушыда оның кешігіп келуіне байланысты туындайтын шығындардың, егер соңғысы орын алса, орнын т о л т ы р у ғ а м і н д е т т і .

5. Қалааралық (облысішілік, облысаралық) және халықаралық бағыттарда автобустың, шағын автобустың жөнелтілуі он сағатқа және одан артық уақытқа кешіктірілген кезде автомобильдік тасымалдаушы жолаушыларға өз есебінен қонақ үйден орын алып беруге және тамақпен қамтамасыз етуге міндетті.

6. Жолаушының сұрауы бойынша оған ресми құжат беріледі немесе автомобиль тасымалы мерзімінің өтуі немесе рейсті тоқтату туралы жүру құжатында (билетте) б е л г і с о ғ ы л а д ы .

7. Қарсы тұруға болмайтын күш әрекеті жағдайын қоспағанда, рейсті тоқтатқан кезде тасымалдаушы жолаушының таңдауы бойынша жолаушыны жүру құжатында (билетінде) көрсетілген бару пунктіне дейін жақын рейспен жөнелтуді қамтамасыз етуге немесе жолаушыға жүру құжатының (билеттің) құнын екі есе етіп қайтарып беруге м і н д е т т і .

45-бап. Жүктердің автомобиль тасымалдары шарты бойынша
автокөлік құралдарының берілмеуі және пайдаланылмауы
ү ш і н ж а у а п к е р ш і л і к

1. Тасымалдаушы автокөлік құралдарын жүктердің автомобиль тасымалдары шарты бойынша, автомобиль тасымалдары шартында көзделген санда бермеген, жүк

жөнелтушіге (жүк алушыға) автокөлік құралын бермеген әрбір жағдай үшін, егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлейді.

2. Тасымалдаушы пайдаланылуы уақытша тариф бойынша төленетін, автомобиль тасымалдары шартында көзделген санда автокөлік құралдарын бермеген кезде, тасымалдаушы жүк жөнелтушіге (жүк алушыға), автомобиль тасымалдары шартында көрсетілген пайдалану уақытына байланысты, егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, автокөлік құралдарын пайдалану құнының қырық пайызы мөлшерінде айыппұл төлейді.

3. Жүк жөнелтушінің (жүк алушының) автокөлік құралдарын, жүктердің автомобиль тасымалдары шартында көзделген санда толығымен немесе ішінара пайдаланудан бас тартқан кезінде, ол тасымалдаушыға автокөлік құралын пайдаланудан бас тартқан әр жағдай үшін, он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде немесе жұмысы уақытша тариф бойынша төленетін автокөлік құралдарын пайдаланудан бас тартқан кезде, автомобиль тасымалдары шартында көрсетілген пайдалану уақытына байланысты, егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, автокөлік құралдарын пайдалану құнының қырық пайызы мөлшерінде айыппұл төлейді.

46-бап. Контейнерлердің берілмеуі және пайдаланылмағаны үшін жауапкершілік

Тасымалдаушы контейнерлерді жүк жөнелтушіге бермегені үшін, ал жүк жөнелтуші контейнерлерді пайдаланбағаны үшін тараптардың келісімінде көзделген мөлшерде әрбір кідірген сағат үшін айыппұл төленеді, ал көрсетілген келісімдер болмаған жағдайда:

- 1) брутто салмағы бес тоннадан жоғары контейнер үшін айлық есептік көрсеткіштен он бес пайыз;
- 2) брутто салмағы бес тоннадан он тоннаға дейін контейнер үшін айлық есептік көрсеткіштен отыз пайыз;

- 3) брутто салмағы он тоннадан жоғары контейнер үшін айлық есептік көрсеткіштен алпыс пайыз мөлшерде айыппұл төленеді.

47-бап. Жүктерді жеткізу мерзімдерін бұзғаны үшін жауапкершілік

Жүктерді жеткізу мерзімдерін, оның ішінде автомобиль жолдары бойынша жолдың бір бөлігінде тікелей аралас қатынасты бұзғаны үшін тасымалдаушы жүк жөнелтушіге (жүк алушыға) әрбір кешіктірілген тәулікке тасымалдау төлемінің бес пайызы мөлшерінде, бірақ егер кешіктіру оның кінәсінен

болмағанын дәлелдесе, тасымалдау төлемінің елу пайызынан асырмай айыппұл төлейді.

48-бап. Жауапкершіліктен босату

1. Тасымалдаушы:

1) теңдеме жүктің, жүктің автомобиль тасымалдарына қабылдау кезінде байқалмайтын, ыдыстың немесе орамының жетіспеуі немесе теңдеме жүктің, жүктің өзіндік ерекшелігіне немесе жолда ыдыстың зақымданған іздері болмаған кезде белгіленген стандарттарға сәйкес келмейтін ыдыстарды пайдалану салдарынан теңдеме жүк , жүк с а қ т а л м а ғ а н ;

2) жүкті автомобиль тасымалына немесе сақтау кезінде оны ерекше жағдайларды немесе алдын ала сақтау шараларын талап ететін оның ерекшеліктері тауар-көлік құжаттарында көрсетілмей тапсырылған;

3) жүк жөнелтушінің дұрыс пломбалармен теңдеме жүк, жүк жөнді автокөлік құралымен (контейнермен), ал дана жүк - дұрыс қорғау таңбасымен, бандерольдермен, жүк жөнелтушінің немесе дайындаушының пломбаларымен келген;

4) жүктің жетіспеушілігі табиғи кему нормаларынан аспаған кезде;

5) теңдеме жүктің, жүктің жетіспеушілігі, бүлінуі, зақымдануы теңдеме жүкті жөнелтуші (алушы), жүкті жүк жөнелтуші (жүк алушы) немесе олардың атынан іс-қимыл жасайтын тұлғалардың тиеу, қаттау, түсіру салдарынан болып табылған кезде жағдайларда жауапкершіліктен босатылады.

2. Тасымалдаушының кінәсі дәлелденген жағдайды қоспағанда,

тасымалдаушы қол жүгі ретінде жолаушымен бірге болған теңдеме жүктің сақталуына жауап бермейді.

3. Жүк жөнелтуші, жүк алушы нәтижесінде тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу мүмкін емес авария немесе тиеу (түсіру) пункттерінің қызметі өзге де түрде бұзылған жағдайда жауапкершіліктен босатылады.

49-бап. Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңдары бұзылғаны үшін жауапкершілік

Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңдарының бұзылғанына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауап береді.

50-бап. Қолданысқа енгізу

Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК